

«Ақтобе қаласы білім бөлімі» ММ
«Әдістемелік кабинет КММ»
№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

«Ақтобе қаласының білім бөлімі» ММ
2023 жылғы «31» «09»
№ 274 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ



БАҒДАРЛАМА

«Айгөлек»

(ортаңғы, ересектер, мектепалды топтары)

Ақтобе, 2023 жыл

Бағдарламаның негізі: «Би үйренейік» Г.А.Абдрахманова, Т.Т.Сарыбаева
«Алматы кітап» 2011 ж.

Құрастырғандар: Абубакирова А.Т., Сатиева Ж.К. музыка жетекшілері.

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК педагогикалық кеңесі отырысында
«Айгөлек» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама №1

« 31 » тамыз 2023 жыл



№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК меңгерушісі:  Шокпарова К.Т.

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Айгөлек» бағдарламасы
мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 2

28 09 2023 жыл

сараптау комиссиясының төрайымы:

Есі



Қосымбаева М.О.

№43 «Гүлдәурен» балабақшасының музыка жетекшісі, хореограф
Абубакирова А.Т. және Сатиева Ж.К. «Айгөлек» бағдарламасына

Пікір

Музыка жетекшісі, хореограф Абубакирова А.Т. және Сатиева Ж.К. «Айгөлек» бағдарламасы мектепке дейінгі жас адам өміріндегі өте жауапкершілікті кезеңдердің бірі, яғни осы жас шамалық кезеңде баланың денсаулығының негізі, ақыл ойы, психо-физикалық дамуы қаланып, оның жеке тұлғасы қалыптасады. Дәлірек айтар болсақ, бала өсіп дамыды сонымен қатар әуенге сай ырғақты би қозғалыстарына деген қажеттіліктері ұлғаяды. Ал музыка әуеніне қозғалу бұл би. Ырғақты би - бала үшін қозғалыс арқылы өз - өздерін көрсетудің тәсілі болып табылады. Себебі мектепке дейінгі жастағы баланың сөздік қоры бай емес, сондықтан да бала өз сезімін, эмоциясын ырғақты би арқылы бейнелеп, қоршаған ортаға жеткізеді. Ал қазіргі заманғы музыка әуені кең қозғалыстығымен көңілді динамикасымен балаларға жақын. Ол баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның рухани бейнесін қалыптастырады. Ырғақты би қимылы тек ептілік әдемілік, шығармашылық мүсін ғана емес, баланы жігерлендіреді. Мысалы ішкі рухани жағдайы өзгеріп, мазасыздықты басып, қандағы кортизол деңгейін жақсартып, жалпақ табандылық, омыртқа қисаю ауыруларын алдын алады сонымен қоса балалардың зияткерлік деңгейінің артуына, оның ойлау жылдамдығына ықпалын тигізе отыра есте сақтау қабілеттерін жақсартады.

Ырғақты би балаларды эстетикалық құндылыққа тәрбиелейді, эмоционалдық көңіл-күйін жақсартады. Өздерініз білетіндей біздің кішкентай бүлдіршіндеріміздің мінез-құлықтары әр түрлі ашық, шапшаң, белсенді болса ал кейбіреулері ұялшак, қорқақ, ұяң балалар да болады дәл осындай балалармен ырғақты би сабағында балалардың тұйық мінезін ашып, көңіл-күйлерін жақсартып, өз-өздеріне «МЕН» деген сенімдерін арттыруға болады. Қазақ халқы би өнері арқылы қайғы-мұңдары мен қуаныштытарын би арқылы жеткізе білген. Әсем әуенді естігенде бойы елітіп би билегісі келмейтін жан болмас.

«Айгөлек» мектеп жасына дейінгі балаларды би өнеріне үйрету бағдарламасы балабақшада қолдануға тиімді деп санаймын.

Қ.Жұбанов атындағы

Ақтөбе өңірлік университетінің доценті, п.н.с



Жусупова Ж.А

Түсінік хат

Мектепке дейінгі жаста балалардың арнайы қабілеттері дамиды, алдымен шығармашылық қабілеттері. Мектепке дейінгі балалық шақта олардың қалыптасуына қолайлы жағдайлар туындайды. Музыканы зейін қойып тыңдай отырып, өз сезімдерін би арқылы жеткізу баланың эмоционалдык, рухани, дене дамуына зор ықпалын тигізеді. Рухани және дене дамуының үйлесімділігі баланың жеке тұлғасын дамыту үшін маңызды. Бұл үйлесімді жаттығулар балаларды да ата-аналарды да жаттықтырады, жақындатады. Билеу тәсіліне ие болған бала өз-өзіне көңілі толады және жан-жағындағыларды таңдандырады.

Тәртіптілік, еңбексүйгіштік және сабырлық- тек хореографиялық сабақта ғана емес, сонымен қатар тұрмыста да қажетті қасиеттер. Бұл сапалар жыл бойы педагог-хореографтармен тәрбиеленеді және көптеген жетістіктерге жеткізеді. Өмірде өте қажет жауапкершілік сезімі бимен айналысатын балаларды алға қозғайды. Хореографиялық оқытудағы ұқыптылық, хореографиялық киімнің тазалығы балалардың ішкі дүниесіне де әсер етеді. Олар тек мүсінімен ғана емес, сәнді шапымен, қарапайым киімді сәнді етіп киюімен ерекшеленеді. *Бағдарлама балабақшаның ортаңғы, ересектер және мектепалды даярлық топтарында би сабағын жүргізуге арналған.*

Бағдарламаның мақсаты: Музыкалық-ырғақты би сабақтарында балалардың эстетикалық тәрбие мен шығармашылық қабілеттерін дамыта отыра денсаулықтарын нығайту және артыру.

Бағдарлама міндеттері:

- Би арқылы бұлшық ет күші мен нәлімділігін және төзімділік қабілеттерін жаттықтыру және әуенге сәйкес ырғақ пен қимыл үйлесімділігінің көркем де мәнерлі болуын жетілдіру
- Балалардың қимыл белсенділіктерін арттыру
- Ырғақты би арқылы еркіндік, шығармашылық пен психологиялық жағымды эмоциясын арттыру.

Күтілетін нәтижелер

1. Ұжымдық реттік дағдылар мен іскерліктер:

- музыка мен қимыл ерекшеліктері, мазмұнына сәйкес дұрыс қалыпты тұрыс қабылдау;
- ұйымдасқан түрде сапқа тұру (жылдам, нақты), жұптасып қоннада тұрғанда ара қашықтықты сақтау;
- педагогтың нұсқауы бойынша өз бетінше қозғалыс бағытын анықтау, дыбыстық және музыкалық сигнал бойынша;
- екі екіден колоннаға тұру;
- ауысып тұру.

2. Музыкалық ырғақтық дағдылар мен іскерліктер:

- Өз қимылын музыка ырғағымен үйлестіруге, еркін нәлігіштік қимылдарын дамыту;
- қимылда такттың күшті бөлігін белгілеу;
- музыка әуенінің мінездемесі өзгеруіне байланысты қимылдарын өзгерту;
- түрлі қимыл қозғалыстардың қарқынын өз бетінше жылдамдату және баяулату;



- өз бетінше ырғақтық бейнені, акцентті бағалау;

3. Мәнерлі қимыл қозғалыс дағдалыры мен іскерліктері:

- Кеңістікте бағдарлай білу, серпілмелі қадамдап жүру, аяқ қол қалыптарын жетілдіру; вальс қадамын, ауысуды меңгеру.

- музыканың көңіл күйін түсіну және би қимылдары арқылы айқындап көрсете білу;

- музыка әуеніне сәйкес дөппен, лентамен, басқа заттармен ырғақты жеңіл қимылдау;

- қозғалыс координациясын жетілдіру: орнында айналу мен қарғу дағдыларын қалыптастыру, зейін мен есте сақтауды дамыту, шапшаң ырғақты, көңілді темптегі музыкамен қимылдарын сәйкес орындау;

- әннің инсценировкасында ойын бейнелерін мәнерлі бейнелеу;

- кішігірім композицияларды есте сақтау, нілгіштік пен айналымдарды меңгеру, бейнелердің қимылдарын үйлесімді орындай білу;

- музыкалық шығармаға сәйкес ым-ишпраның көмегімен қысқаша қойылымдарды өздігінен ойнай білу.

Бағдарламаның мерзімі және ұзақтығы: Бағдарлама казак және орыс тілінде жүргізіледі, ортаңғы, ересек және мектепалды топтарына арнап құрастырылған.

Барлығы – 72 сағат, аптасына 2 сағаттан. Ұзақтығы 25-30 минутты камтиды.

Бағдарлама үш жылға арналған.



Тақырыптық жоспар
Ортаңғы топ

№	Тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны
1.	Сәлемдесу	Сәлемдесу туралы түсінік беру, қимылды толық меңгерту, бірге деген қызығушылықтарын ояту.	2
2.	Аяқтың қалыптары	Дайындық қимылдары аяқтың ұшымен жүру, қосымша қалам; негізгі қимылдар - шоқыту қаламымен, аяқ қол қалыптарын жетілдіру.	2
3.	Қолдың қалыптары	Денені дұрыс ұстау тәртібін сақтауды үйрету, Музыка ырғығымен нақты қимылдар жасауға талпындыру.	2
4.	Қатарда тұрып, шеңбер жасау	Балаларға денесін дұрыс ұстау тәртібін сақтауды үйрету. Шеңберлік туралы түсінік беру.	2
5.	«Қуыршақтар» биі	Ұжымдық билі орындауда өзін өзі ұстауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Бір біріне деген сыйластық туғызу. Музыканы қабылдау дағдысын дамытып, көңіл күйін сезіне білуге үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, қимыл координациясын жетілдіру.	4
6.	«Шөжелер» би этюды	Музыка әуеніне сәйкес би қимылдарын жасау, музыканы қабылдай білуге баулу.	4
7.	«Гүлдермен жаттығу»	Өз қимылын музыка ырғағымен үйлестіруге, еркін нілгіштік қимылдарын дамыту.	4
8.	Күзгі жапырақтармен жаттығулар	Қимыл қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Әуен ырғағымен сәйкестендіріп қимылдарды қайталау, есте сақтау, зейінді дамыту.	4
9.	«Құстар» би этюды	Кішігірім композицияларды есте сақтау, нілгіштік пен айналымдарды дамыту, құстардың қимылдарын үйлесімді орындай білуге, кейіптенуге, еркіндікке баулу, табиғатқа қамқорлық сезіммен қарауға тәрбиелеу.	4
10.	«Жаңбыр тамшылары» би этюды	Қимыл қозғалыс координациясын дамыту, нақты қимылдарды жасауға, музыка әуеніне қарай кезектесіп белгілі қимылдарын жасауды үйрету. Музыка әуені мен сөзін түсініп, сезіне білуге баулу.	4
11.	«Көбелектер» би этюды	Қимыл қозғалыстарды музыка әуеніне сәйкес қайталауға дағдыландыру, эмоцияларын	4



		ыргактық би арқылы көрсетуге баулу.	
12.	«Саңырауқұлақтар» би этюды	Қимыл көңілге координациясын дамыту, нақты қимылдарды жасауға, музыка әуеніне қарай кезектесіп белгілі қимылдарын жасауды үйрету	4
13.	«Ақшақарлар» биі	Ақшақар туралы түсінік беру. Қимылды толық меңгерту, біге деген құлшыныстарын арттыру.	4
14.	«Анам сыйлық» би этюды	Балалардың зейінін, қимылдың ептілігін дамыту. Эмоционалды аясын дамыту: эмоцияларды ым-ишарамен көрсетуге, жолдастық қарым-қатынастарын нығайту, меірімділікке тәрбиелеу.	4
15.	«Домбыра» қимылы	Балаларға қазақтың ұлттық аспаптары туралы әңгімелеп түсіндіру. Денені дұрыс ұстау тәртібін сақтауды үйрету. Домбыра қимылы туралы түсінік беру.	4
16.	Шығыс биі	Шығыс биі туралы түсінік беру. Қимылды толық меңгерту.	4
17.	Өзбек биі	Өзбек халық өнері туралы түсінік беру. Қимылды толық үйрету.	4
18.	«Бес саусақ» қимылы	Балаларға «бес саусақ» қимылы туралы түсінік беру. Музыка ырғағымен нақты қимылдар жасауға талпындыру.	4
19.	Тербеледі ағаштар	Балаларға кеңінен жасалатын жаттығуларды үйрету. Жаттығулар туралы түсінік беру.	2
20.	Достық биі	Балаларды достыққа, ынтымақтастыққа тәрбиелеу мақсатында түсінік беру.	4
21.	Қайталау	Кеңістікте бағдарлай білуге, ауысу, жұптасып билеу машықтарын бекіту. Өткен би қимылдарын қайталау.	2
Барлығы:			72

A. ellay

Тақырыптық жоспары
Ересек тобы

№	Тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны
1.	Сәлемдесу	Сәлемдесу туралы түсінік беру, қимылды толық меңгерту, біге деген қымытушылықтарын оғту	2
2.	«Еркебұлан» би этюды	Музыка әуеніне ыргалып, сәкес қимылдар жасау, кеудеге арналған жаттығуларды орындау. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, қимыл координациясын жетілдіру Әртүрлі қозғалыста қол мен аяқтың қимылын байланыстыруды үйрету.	2
3.	«Гүлдер» би этюды	Би қимылдарының мәнерлі орындалуын дамыту, бейнелі ойлау, ыргакты сезіну, аяқтың ұшымен секіруге жаттықтыру, қиялын дамыту.	2
4.	Көңілді би этюды	Қозғалыс координациясын жетілдіру: орында айналу мен қарғу дағдыларын қалыптастыру, зейін мен есте сақтауды дамыту, шапшаң ыргакты, көңілді темптегі музыкамен қимылдарын сәйкес орындауға үйрету.	2
	Аяқтың қалыптары	Дайындық қимылдары аяқтың ұшымен жүру, қосымша қадам; негізгі қимылдар - шоқыту қадамымен, аяқ қол қалыптарын жетілдіру.	2
	Қолдың қалыптары	Денені дұрыс ұстау тәртібін сақтауды үйрету, Музыка ыргакымен нақты қимылдар жасауға талпындыру.	2
	Дені саудың – жаны сау	Қолға, аяққа арналған жаттығулар. Жан - жаққа бұрылу, жүрістер.	2
	Күзгі жапырақтармен жаттығулар	Қимыл қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Әуен ыргакымен сәйкестендіріп қимылдарды қайталау, есте сақтау, зейінді дамыту.	2
	«Күзгі вальс» би композициясы	Кеністікте бағдарлай білу, серпілмелі қаламды үйрету, аяқ қол қалыптарын жетілдіру; вальс қадамын үйрету, ауысуды бекіту. Музыканың көңіл күйін түсіну және би қимылдары арқылы айқындап көрсете білу.	4
	«Көңілді бақалар» би композициясы	Өткен материалды қол, аяқ, дене қимылдарымен, әуенмен, ыргакпен сәйкестендіріп қайталау. Бұлшық еттерін ширатуға арналған жаттығуларды орындау.	4
	«Қуыршақтар» биі	Ұжымдық биді орындауда өзін өзі ұстауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Бір біріне деген сыйластық туғызу. Музыканы қабылдау дағдысын дамытып, көңіл күйін сезіне білуге үйрету.	4



		Шығармашылық қабілеттерін дамыту, қимыл координациясын жетілдіру.	
12.	«Шожелер» би этюды	Музыка әуеніне сәйкес би қимылдарын жасау, музыканы қабылдай білуге баулу.	4
13.	«Өрнекті құру» би этюдм	Тепе теңдікті сақтауға, секіру түрлерін үйрету, сахналық билердің элементтерін орындауға үйрету.қол бұрындарының қимылдарын жетілдіру. Шапшаңдыққа, ептілікке, төзімділікке жаттықтыру.	4
14.	«Көкпар» би этюды	Балалардың дене қимылдарын еркін қолдануын қалыптастыру, қозғалыс координациясын, бидің әр үрлі қалыптарын бекіту.Қазақ билерінің ұлттық колоритін, ерекшеліктерін, мәдениетін түсіндіру.	2
15.	«Теңізшілер» би этюды	Би элементтерін үйрету, денені тік ұстауды қалыптастыру. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, қимыл координациясын жетілдіру Өртүрлі қозғалыста қол мен аяқтың қимылын байланыстыруды үйрету.	2
16.	«Марш» би этюды	Дұрыс жүру, денені тік ұстауға дағдыландыру, қимылдардың эмоционалдық мәнерлі болуын қалыптастыру.	2
17.	«Гүлдермен жаттығу»	Өз қимылын музыка ырғағымен үйлестіруге, еркін нілгіштік қимылдарын дамыту.	2
18.	«Мысық пен тышқандар» би этюды	Балалардың зейінін, қимылдың ептілігін дамыту. Эмоционалдық аясын дамыту; эмоцияларды ым-ишарамен көрсетуге, жолдастық қарым қатынастарын нығайту, мейірімділікке тәрбиелеу.	4
19.	«Құстар» би этюды	Кішігірім композицияларды есте сақтау, нілгіштік пен айналымдарды дамыту, құстардың қимылдарын үйлесімді орындай білуге, кейіптенуге, еркіндікке баулу.табиғатқа қамқорлық сезіммен қарауға тәрбиелеу.	4
20.	«Ормандағы аңдар» би этюды	Кішігірім композицияларды есте сақтау, нілгіштік пен айналымдарды дамыту, жануарлардың қимылдарын үйлесімді орындай білуге, кейіптенуге, еркіндікке баулу. Жануарларға қамқорлық сезіммен қарауға тәрбиелеу.	4
21.	«Теңіз толқыды» би этюды	Өткен материалды қайталау, бекіту. Денемен толқындар жасау би элементін меңгерту. Ептілік, нілгіштік, сымбаттылыққа төселдеру. Музыка әуені мен сөзін түсініп,сезіне билеуге баулу	4
22.	«Балықшылар» би этюды	Қимыл қозғалыс координациясын дамыту, нақты қимылдарды жасауға, музыка әуеніне қарай кезектесіп белгілі қимылдарын жасауды үйрету	4



23.	«Таңғажайып көрініс» би эноды	Нілгіштік пен айналуды дамыту, қарапайым композицияларды есте сақтауға үйрету. Музыкалық шығармаларға сәйкес кейінгеуіге, жергі формаларды қолдана отырып, иррақты би қозғалыстарын дамыту.	4
24.	Қайталау	Кеністікте би арлай білуге, ағысу, жұптасып білеу машықтарын бекіту. Откен би амалдарын қайталау.	2
Барлығы:			72

9.

Тақырыптық жоспар
Мектепалды тобы

№	Тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны
1.	Сәлемдесу	Би қимылдары арқылы сәлемдесуді үйрету. Сәлемдесуді толық меңгерту, биге деген құлшыныстарын арттыру.	2
2.	Аяқтың қалыптары	Негізгі қимыл-қозғалысты үйрету. Аяқтың I – VI кезеңін үйрету. Аяқ қалыптарымен таныстыру. Аяқ қалыптарын жаттау.	2
3.	Қолдың қалыптары	Тік тұрып, қол қалыптарының I – III кезеңін үйрету, түсіндіру. Қол қалыптарымен таныстыру.	2
4	Сазды-ырғақты жаттығулар	Бұлшықеттің дұрыс өсуін жақсарту, дененің жақсы қалыптасуына көмектесу.	2
5.	«Киіз үй» би этюды	Киіз үй туралы түсінік беру. Биге деген сүйіспеншілігін ояту.	2
6.	Гимнастика жаттығу	Балаларға денені дұрыс ұстау тәртібін сақтауға үйрету, жаттығулар туралы түсінік беру.	2
7.	Қатарда тұрып, шеңбер жасау	Балаларға денесін дұрыс ұстау тәртібін сақтауды үйрету. Шеңберлік туралы түсінік беру.	2
8.	Күзгі жапырақтар бии	Балаларға екі қолды жоғары көтеріп, оңға, солға тербелу, жапырақты қолға ұстатып үйрету.	4
9.	Дені саудың – жаны сау	Балаларға күнделікті балабақша тынысы туралы әңгімелеп түсіндіру. Денені дұрыс ұстау тәртібін сақтауды үйрету. Жаттығулар туралы түсінік беру.	2
10.	Аяқтың ұшымен жүргізу	Негізгі қимыл-қозғалысты үйрету. Үлкендермен қосылып, қимыл – қозғалыс арқылы биді орындау дағдыларын қалыптастыру.	2
11.	Аяқтың өкшесімен жүру	Аяқтың жүрістерін үйрету. Қимылды толық орындау дағдыларын қалыптастыру.	2
12.	Шынықсаң, шымыр боларсың	Бала организмін шынықтыру, оны әрекетшіл қалыпқа келтіру, тұлғаның дұрыс өсуіне жағдай тудызу.	2

T. ellay

13.	«Қошқар мүйіз» қимылы	Қошқар мүйіз қимылы туралы түсінік беру. Қимылды толық үйрету.	2
14.	«Кереге көз» қимылы	Кереге көз қимылы туралы түсінік беру. Қимылды толық үйрету.	2
15.	«Домбыра» қимылы	Балаларға қазақтың ұлттық аспаптары туралы әңгімелеп түсіндіру. Денені дұрыс ұстау тәртібін сақтауды үйрету. Домбыра қимылы туралы түсінік беру.	2
16.	«Білезік» қимылы	Денені дұрыс ұстау тәртібін сақтауды меңгерту. Білезік қимылы туралы түсінік беру.	2
17.	Би элементтерімен жұмыс	Қимыл қозғалыстарды музыка әуеніне сәйкес қайталауға дағдыландыру, эмоцияларын ырғақтық би арқылы көрсетуге баулу.	4
18.	«Өрнек» қимылы	Өрнек қимылы туралы түсінік беру. Өрнек қимылын музыка ырғағымен көрсету.	2
19.	Кұстар қайтып барады	Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру, би элементтерін үйрету.	2
20.	«Ақшақарлар» биі	Ақшақар туралы түсінік беру. Қимылды толық меңгерту, биге деген құлшыныстарын арттыру.	4
21.	Ән -көңілдің ажары	Көңістікте бағдарлай білу, серпілмелі қадамды үйрету, аяқ қол қалыптарын жетілдіру; вальс қадамын үйрету, ауысуды бекіту. Музыканың көңіл күйін түсіну және би қимылдары арқылы айқындап көрсете білу.	4
22.	Диагональ бойынша жаттығу	Қимылды қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Диагональ бойынша жаттығуларды үйрету. Иілгіштік пен айналууды дамыту, қарапайым композицияларды есте сақтауға үйрету.	2
23.	«Қызғалдақ» қимылы	Қызғалдақ қимылы туралы түсінік беру. Биге деген құлшыныстарын ояту.	2
24.	«Еркебұлан» би этюды	Музыка әуеніне ырғалып, сәжес қимылдар жасау, кеудеге арналған жаттығуларды орындау. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, қимыл координациясын жетілдіру Өртүрлі қозғалыста қол мен аяқтың қимылын байланыстыруды үйрету.	4

Т. Мамед

25	Ұлттық би өнерімен таныстыру	Балаларға ұлттық билер туралы түсінік беру. Ұлттық би элементтерін меңгерту.	2
26	Шығыс биі	Шығыс биі туралы түсінік беру. Қимылды толық меңгерту.	4
27	Өзбек биі	Өзбек халық өнері туралы түсінік беру. Қимылды толық үйрету.	4
28	Тербеледі ағаштар	Балаларға кеңінен жасалатын жаттығуларды үйрету. Жаттығулар туралы түсінік беру.	2
29	Қайталау	Кеңістікте бағдарлай білуге, ауысу, жұптасып билеу машықтарын бекіту. Өткен би қимылдарын қайталау.	2
Барлығы			72

T. ell

Пайдаланылган әдебиеттер:

Негізгі әдебиет:

1. «Билеп үйренейік» Г.А.Абдрахманова.,Т.Т.Сарыбаева «Алматы кітап» 2011 ж.

Қосымша әдебиеттер:

1. «Ырғақтық гимнастика» Ю. Телеугалиев., Алматы 2006 ж.
2. «Ритмическая мозаика» А. И. Буренна. Программа СПб 2000 ж.
3. «Развитие произвольных движений» А.В. Запорожец.,1960 ж.
4. «Воспитание способностей и формирование личности» В. Э. Чудновский., «Знание» 1986 ж.
5. «Сахна және актер» М. Б. Байсерке Ана тілі 1993 ж.
6. «Музыкальное развитие ребенка» Н. А. Ветлугина «Просвещение», 2008 ж.
7. «Способности ваших детей» Н.П.Линькова., Е.А.Шумилин., «Просвещение» 1969 ж.
8. «Программа музыкально-ритмического воспитания» Т.И.Калашникова.– ИГПК №1, 2007 ж.
9. «Учите детей танцевать» (мектепке дейінгі ұйымдардың музыка жетекшілеріне арналған әдістемелік нұсқаулық) Республикалық «Мектепке дейінгі балалық шақ» орталығы. «Астана» 2012 ж.
- 10.«Сымбат» Ш. Жленкүлова «Алматы» 2013ж.